

Семей қ. мемлекеттік медицина университеті
Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы және жалпы білім беру
пәндер кафедрасы

СӨЖ

ҚР неке және отбасы құқығын қорғау
дәрежесі

Орындаған: Газезова А. Мi-101
Тексерген: Қамбаров А.Қ

Семей . 2016 ж

Жоспар:

I. Отбасы құқығы: ұғымы, негіздері және принциптері.

II. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері:

2.1. Мүліктік, мүліктік емес құқықтары;

2.2. Ата-аналар мен балалардың арасындағы құқықтық қатынастар;

2.3. Ата-аналар мен балалардың құқықтары және міндеттер.

III.

IV.

Отбасы құқығы некелесу, туыстық, бала асырап алу және баланы отбасы тәрбиесіне қабылдаудың басқа да нысандарына орай пайда болатын, яғни отбасы қатынастарын өзіндік және соған байланысты мүліктік қатынастарды, яғни отбасы қатынастарын реттейтін құқық саласы болып табылады.



Отбасы құқығының пәнін құрайтын қоғамдық қатынастар өзіндік (мүліктік емес), немесе мүліктік болуы мүмкін. Мүліктік және өзіндік қатынастар құқықтың басқа да салаларының, бірінші кезекте азаматтық құқықтың реттейтін пәнін құруы мүмкін. Бірақ, аталған қатынастардың басымдылығы бір жағынан, азаматтық құқықта, екінші жағынан, отбасы құқығында бірдей емес. азаматтық құқықтың негізгі міндеті мүліктік қатынастарды реттеу болып табылады. Ол өзіндік қатынастарды, олар мүліктік қатынастардан туындайтын болса немесе қандай да болмасын өзіндік қатынастарды реттеу туралы арнайы нұсқау бола ғана реттейді. Бұған керісінше өзіедік қатынастарды реттеу отбасы құқығының негізгі міндеті болып табылады. Отбасы құқығының пәніне кіретін мүліктік қатынастар жеке адамның құқықтары мен міндеттеріне байланыста болады. Отбасы құқығының азаматтық құқықтан айырмашылығы осы.

Отбасы құқығының қайнар көздері:

Қазақстан Республикасының отбасы құқығының қайнар көзі Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы “Неке және отбасы туралы” Заңы қабылданды. Бұл Заң 7 бөлімнен, 29 тараудан және 213-баптан тұрады.

Отбасы құқығының бастауларына басқа да нормативтік актілер жатады. Заңның 4-бабында неке және отбасы туралы заңға отбасы құқығының нормалары кіретін Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері жатады. Мұндай актілерге, Үкімет немесе республиканың Әділет министрлігі бекіткен түрлі ережелер мен нұсқаулар жатады. Сонымен бірге осы Заңда кейбір басқа актілерде атап көрсетілген.



Неке-отбасы заандарының дұрыс қолданылуына Республика Жоғары Соты Пленумының басшылыққа алатын түсіндірмелері ықпал етеді.

“Неке және отбасы туралы” Заңның 2-бабы Қазақстан Республикасының неке-отбасы заандары мынадай принциптерге негізделеді:

- 1) еркек пен әйелдің некелік одағының еріктілігі;
- 2) ерлі-зайыптылардың отбасындағы құқықтарының теңдігі;
- 3) отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол бермеушілік;
- 4) отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісіммен шешу;
- 5) балаларды отбасында тәрбиелеуге басымдық беру, олардың өсіп-жетілуі мен әл-айқатты болуына қамқорлық жасау;
- 6) отбасының кәмелетке толмаған әне еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға басымдық беру;
- 7) отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, құқықтарды сот қорғауының мүмкіндіктері.

Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері

Заңның 29-бабына сәйкес ерлі-зайыптылардың жеке құқықтары:

- ❖ Тегін таңдау құқығы;
- ❖ Қызмет түрін таңдау құқығы;
- ❖ Мамандықты таңдау құқығы;
- ❖ Тұрғылықты жерді таңдау құқығы;
- ❖ Отбасы мәселелерін бірлесіп шешу құқығы.



- Қолданылып жүрген заңда текті таңдаудың екі жолы ұсынылған. Некеге тұру кезінде ерлі-зайыптылардың қайсысы да өздерінің некеге отырғанға дейінгі тегін қалдыра алады. Сонымен бірге ерлі-зайыптылар өз қалаулары бойынша ортақ бір тек таңдауға құқығы. Ондай тек ерінікі немесе әйелінікі болуы мүмкін.



- Қызмет пен мамандықты ерікті таңдау құқығы ерлі-зайыптылардың оқу орныдарына түсу, мамандық таңдау, сол таңдап алған мамандық бойынша жұмыс орнын табу жөніндегі мәселелерді жеке өздерінің шешулеріне болатындығын көрметеді. Әдетте, қызмет пен мамандық таңдау ерлу-зайыптылардың екі жақты келісімдері ойынша отбасы мүддесін ойластыра отырып жүзеге асыратын іс.



- Тұрғылықты жерді таңдау еркі дегеніміз – ерлі-зайыптыдардың жеке тұруларына болады, немесе әртүрлі тұрғын үйлерді иемденуге құқылы. Бірақ, еркек пен әйел басын біріктіру үшін некее тұратындықтан, отбасын құруға және оны нығайтуға мұндай құқықтардың пайдасы болмайды. Заңда көрсетілген тұрғылықты жерді таңдау еркіне ие болу құқығының мәні ерлі-зайыптылардың ешқайсысы да бірбірін белгілі бір жерде тұруға мәжбүр ете алмайтындығында, ал таңдау екі жақтың өзара келісімімен жүзеге асырылуы керек.



- Отбасының өмірлік мәселелерін бірлеіп шешу құқығы отбасының бюджетін бөлісу, балалар тәрбиесі, үй шаруашылығын жүргізі, туған-туысқандарымен бірге немесе бөлк тұру міндеттері ерлізайыптылардың бір-бірімен келісімі бойынша шешілетінін беогілейді. Ерлі-зайыптылардың ешқайсысы да өзінің еркін екіншісіне таңуға құқылы емес. Егер ерлі-зайыптылар кейыр мәселеде келісімге келе алмаса, онда олар өз дауларын шешу үшін Занда көрсетілген органдарға шағымдануға құқылы.



Мүліктік, мүліктік емес құқықтары

- Ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлкіне ерлі-зайыптылардың әрқайсысының еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтен және санаткерлік қызмет нәтижелерінен тапқан табыстары, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен және ерлі зайыптылардың әрқайсысының бөлек мүлкінен түскен кірістер, олар алған зейнетақылар, жәрдемақылар, сондай-ақ арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер жатады.





